

или компенсируются другой фигурой стиля;

9. фон литературной нормы языка воспроизводится в той мере, в какой он присутствует в подлиннике, - с помощью вариантных соответствий;

10. стилистически окрашенная лексика: просторечие, жаргон, высокий стиль – передается вариантными соответствиями с сохранением окраски, которая этой лексике присуща в подлиннике.

Литература

- 1.Макеева Л.А. Рекламный текст и особенности его перевода. Москва, Юнис 2009.
- 2.Распылева М.П. Реклама-двигатель торговли. Переводческий практикум. Москва, Литера 2008.
- 3.Титова Е.П. Методическое пособие по переводу текстов рекламного характера. Москва, Юнис 2009.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ *ЕГІЗБАЕВА Л.Е.*

Тіл - ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтып әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдарын - фразеологизмдерді молынан табуға болады.

Соңғы кезеңдерде жалпы түркі тілдері фразеологизмдерін орыс, ағылшын, неміс, корей, түрік, қытай т.б. тілдердегі фразеологизмдермен салғастыра зерттеу, сөздіктер жасаудың тәжірибесі жинақталып, оның ішінде қазақ тілі деректерін басқа тілдердегі фразеологизмдермен салғастыра зерттеу барысында көптеген еңбектер, ізденістер жарық көрді.

Фразеологияның жан-жақты теориялық негізін және сөздіктер материалдарын басшылыққа ала отырып, ағылшын және қазақ тілдерінің етістікті фразеологизмдерінің лексика-семантикалық сипатын ашу - ғылымға енгізгелі жүрген біздің де жаңалық ізденісіміз. Токсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғыза отырып, халықтың сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени-тұрмыс тарихын бейнелейтін фразеологизмдерді оқып-танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес.

Фразеологизмдер тілдік бірлік ретінде лексика-семантикалық құрылым-құрылысы жағынан сан қырлы. Көптеген еңбектерде (ізденістерде) тілдерді салғастыру барысында қажетті де соңғы тұжырымдар жасалынып, тіларалық фразеологиялық сәйкестіктер мен ерекшеліктер айқындалды. Бірақ, бұл мәселелерді теориялық жағынан дамыту толық шешімін тапты дей алмаймыз, өйткені тіл-тілдегі фразеологизмдерді салғастыруда туындаған әр түрлі пікірлер фразеологиялық тіркестердің ғалымдар назарынан тыс қалған жақтары бар екендігін көрсетеді. Сондықтан да ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипатын ашу - теориялық та, практикалық та жағынан қажетті болып табылады деп ойлаймыз.

Тіларалық қатынастардың дамуына байланысты қазіргі тіл білімінде салыстырмалы типологиялық әдісті қолдану - генетикалық жағынан алыс тілдерді бір-бірімен салыстырғанда аса маңызға ие болады. Фразеологизмдерді бұл әдіспен зерттеу нәтижесінде жеке тілдерге тән ерекшеліктер мен тіларалық фразеологиялық сәйкестіктерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туады

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдер саны жағынан мол ауызша және жазба тілде стильдік мақсатта қолданылады. Тіларалық фразеологиялық сәйкестіктер және етістікті фразеологизмдер, тіларалық фразеологиялық

сәйкестіктердің типологиялық тұрғысынан зерттеуіне шолу жасау арқылы ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуы мен сипатын және лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтап, мағыналарына байланысты тақырыптық топтарға топтастыру, яғни олардың лексика-семантикалық сипатын айқындау — бүгінгі күн талабы болып отыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ерте уақыттан бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан етістікті фразеологизмдерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл етістікті фразеологизмдер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі етістікті фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан етістікті фразеологизмдерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын басшылыққа алдық.

В.Межуев айтқандай, рухани мәдениеттің дамуын, өндіру тарату-тұтыну сатысында көрсетеді. Ендеше, бүгінгі күнге жетіп, қалыптасқан ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мазмұнын түсініп, көңілімізге тәуір арқылы әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық мол байлығын қоғам өмірінде орынды қолданудың маңызы зор демекпіз.

Әр түрлі етістікті фразеологизмдердің бүгінгі күнде қолдануы ауызекі тілде, көркем әдебиеттерде айтылар ой көркем болу үшін пайдалынады, бірақ олардың қалыптасуына мән бермейді. Осы фразеологизмдердің қалыптасуын тіл білімінің этнолингвистика саласы қарастырады, демек фразеологизмдер – этнолингвистика салаларының бірі болып табылады. Бұдан этнолингвистика қос тілдегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуын айқындауға септігін тигізеді деп айта аламыз. Мысалы ғалым Ә.Т.Қайдар: «Фразеологизмдердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті тіршіліктің нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Бұл фразеологизмдердің қалыптасуы жануарларға, өсімдіктерге, табиғат құбылыстарына байланысты болса да, қазіргі кезде солардың барлығы келіп адам тұрмысына, мінез құлқына, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталып келеді»-деген. [1, 176.]

Қос тілдегі етістікті фразеологизмдерді саралау барысында олардың әр халықтың ата-баба өмірінің әр-кезендерін, әр түрлі құбылыстар мен оқиғаларын жан-жақты сипаттап, бүгінде қалыптасуын тарихи мұра деп санаймыз. Өйткені бұлар тек тіл байлығы емес, әр ұлттың ғасырлар бойы бойына жинаған рухани өмірінің айғағы, әр дәуірден жас ұрпаққа ауысып, адамзаттың қоғамның дамып өрбуіне үлесін қосады. Ендеше, ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің ерте замандағы шығуы мен бүгінгі кездегі қалыптасуының қыр-сырларын сипаттайтын – этнолингвистиканың көмегі зор.

Этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – фразеологизмдердің ауыспалы мағына қолдануы себептерін түсіндіру болып табылады – дейді ғалым Ә.Т.Қайдаров. Фразеологизмдердің қалыптасуы қандай да бір сюжетке немесе мәдени дерекке байланысты, еркін сөз тіркестердің фразеологизмдерге ауысуы фразеологизмдердің қалыптасуының негізі болып табылады.

Ғалым Е.А.Диброва фразеологизмдердің шығу тегін еркін сөз тіркестерімен байланыстыра қарастырып, еркін сөз тіркестерінің фразеологизмдерге ауысуының 5 кезеңін көрсетеді.

I-сөздердің еркін тіркес кезеңі, II, III-еркін тіркестердің фразеологизмдерге ауысуы кезеңі, IV, V-фразеологизмдердің қалыптасу кезеңі.

Бұдан фразеологизмдердің шыққан тегі еркін сөз тіркесі деп айта аламыз. Еркін сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің арасындағы грамматикалық байланыс фразеологизация процесінде ұшырап, тұрақты байланысқа өткен. Фразеологиялық тұрақтылық дегеніміз-тіркестің мағынасының астарлы, образды болуы, фразеологизмдердің мағынасының сыңарлар мағынасымен астарланып, бүтін тұлғаға ғана тән болуы. Фразеологизмдердің туу себебі-фразеологиялану процесі болып табылады. Нәтижесінде сөз тіркесі түгелдей жаңа, туынды мағынаға ие болады, дайын күйінде қолданылатын тілдік материалға айналады.

Фразеологизмдердің пайда болу кезеңін анықта өте қиын, өйткені олар еркін сөз тіркестер негізінде жасалынып, алдымен ауызекі тілде қолданылып, әдеби нормаға түсіп барып қалыптасқан.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасу жолдары өте кең. Осыған байланысты қос тілдегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуын қарастырайық. Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт дәстүрін, психологиясын байқататын мәліметтер береді. Қос тілдің етістікті фразеологизмдерін саралау барысында – олардың халықтың мәдениетін, дәстүрін, тарихи кезеңдерін, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдің маңызды материал екенін білеміз.

Көптеген етістікті фразеологизмдер ағылшын-қазақ тіларалық фразеологиялық қорында семантикалық жолмен жасалынады. Әр түрлі тілдердегі лексикалық элементтердің бірдей тіркесу қабілеттілігі, олардың ортақ мағынада қолданылып, белгілі бір ұғымды білдіретінін көрсетеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі: *Keep one's nose to the grindstone*-Мұрнынан шаншылып жүру. Екі тілдеде мағынасы «жұмыстан қолы босамау» деген ұғымды білдіреді. Тағы да, *Be in smb's pulse* –тамырын басу –«ақырын пікір, сыр тартып көңілін болмек болу» деген мағынада қолданылады.

Кейбір етістікті фразеологизмдер семантикалық компоненттерден, семантикалық ұйытқы бола алатын лексикалық қатардан тұратынын байқадық. Осыған орай, Р.Н.Вайнтрауб кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30 пайызын соматикалық фразеологизмдер құрайды деп тұжырымдайды. [2, 24б.]

Енді осы сомантикалық қатарлардың көмегімен жасалған қос тілдегі етістікті фразеологизмдерге мысал берейік: «Көз» - *Fladden an eye* \ Көз қуанту-«қуану риза болу» ; «Бас» - *Worry one's head off* \ Бас қатыру «ойға түсу», «абыржу»; «Тіл» *Have a ready tongue* \Тілге жүйрік болу «сөзге шешен болу».

Ал қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмнің қалыптасуына әр түрлі құбылыстардың адам ойында қорытылған бейне негіз болған, К. Ахановтың сөзімен айтқанда, олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар негіз болған. Мысалы, ер қашты болу (мағынасы «әбден жалығу», «мезі болу») деген етістікті фразеологизмнің негізінде көп мініс көрген арық аттың ер саларда одан қашып мезі болуы, бойын аулақ салуының бейнесі жатыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмнің аспан денелеріне табынудан пайда болған. Мысалы, *Be born under a lucky star* бақытты жұлдыздың астында туу, *believe in one's star* өзінің тағдырына сену.

Ал, қазақ тіліндегі аспанға табыну дәстүріне байланысты пайда болып, қалыптасқан етістікті фразеологизмнің құрамына «көк аспан, тәңір, құдай» сөздері арқау болған. Бұл тұрғыда ғалым Л.Н.Гумилев: «Аспан тәңірісі» парсы атауы, құдай сөзімен алмастырылды.

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілмен қатар терминологиялық және профессионалды лексика негіз болған. Мысалы, ағылшын тіліндегі *talk shop*-«көпшілік жерде жұмыс жайлы сөйлеу» мағынасын білдіреді, ал «shop» шеберхана ұғымында қолданылады. *-to turn face about* – «көзқарасын (мінезін)

күрт өзгерту» мағынасын білдіреді ал, әскери терминалогия бойынша солға шыр айналу деп аударылады екен.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің пайда болып, қалыптасуынан әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Мысалы: *Move heaven and earth* (жер мен көкті жылжыту) қазақ тіліндегі баламасы «Айды аспанға шығару» «таң қалдыру» ұғымын береді.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі кейбір етістікті фразеологизмдердегі мәндес ұғымдарды білдіретін баламалар біркелкі немесе ұқсас белгілер мен біртектес салыстырулар негізінде қалыптасқан. Бұған ағылшын және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер мысал бола алады. *Make someone's hair stand on end*-(біреудің шашын түбінен тұрғызу) «Төбе шашы тік тұру» «зәресі ұшу» мәнінде қолданылады. *Make one's head turn*-(басын айналдыру), алдап арбау, ойлауға мұршасын келтірмеу, ғашық ету мәнінде қолданылады, *open one's eyes*-(көзін ашу) «түсіну, үйрету, ақыл қосу».

Сондай-ақ ағылшын тіліндегі фразеологиялық етістіктердің қалыптасуына Ежелгі Рим, француз және неміс тілдеріндегі фразеологизмдерінің де ықпалы зор.

Ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдердің көпшілігі Англияға Америка Құрама Штатынан ауысып, қалыптасқан, бірақ бұл фразеологизмдердің көпшілігінің құрамына америка сөздері жоқ, сондықтан, олардың америкалық фразеологизмдер екені лексикографиялық түсініктемелерде берілген. Олар «американизмге» жатады мысалы: *bark up the wrong tree* – қателесу, *cut no ice* – ықпал етпеу, *sit on the fence* – білмегенсу. Америкалық фразеологизмдерден еніп, қалыптасқан кейбір ағылшын тіліндегі етістікті фразеологизмдер аударылмайды, бұл америкалық етістікті фразеологизмдердің, әсіресе жаргон тілінде қолданылып, қалыптасқандары өздерінің аса әсерлі түсіндіріледі деп ойлаймыз.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына етістікті фразеологизмдердің ақын жазушылардың қаламынан туып, пайда болуы әсерін тигізген. Мұндай етістікті фразеологизмдердің ағылшын тілінде қалыптасуына Шекспирдің шығармалары себеп болған, көлемі жағынан шексперизм діни фразеологизмдерден кейін екінші орын алатын көрінеді, ал сан жағынан олар жүзден астам. Көптеген шексперизмдер құрылым-құрылысы жағынан бүгінгі қолданыста өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, шексперизм *Wear one's heart upon one's sleeve for daws to peck at* (“*Othello*”)-сезімін ашық көрсету, қазіргі ағылшын тілінде қысқаша етістікті фразеологизм түрінде “*wear one's heart upon one's sleeve*” қолданылады. Тағы да, *buy golden opinions* (таңқалдыру) қазіргі ағылшын тілінде *buy* етістігінің орнына *win* етістігі қолданылып қалыптасқан. *Win golden opinions. Have an itching palm.* (“*Julius Caesar*”)-саранболу; *Paint the lily* (“*King John*”)-бірденені жақсартуға тырысу. *Lay it on with a trowel* – асырамақтау. Шекспирден басқада жазушылар етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына өзүлестірілген: Олар Чарльз Диккенс, Александр Поп, Джонатан Свифт, Вальтер Скотт, Джеффри Йосер. Мысалы, *Not to put too fine a point on it* – турасынайту (Ч. Диккенс), *Damn with faint praise* – мінайтаиқтау (А. Поп), *Guarrel with one's bread and butter* – күнкөрісіңің тастау (Д. Свифт), *Catch (take) smb, red-handed* – бетіңайранайқылу (В. Скотт). [3-20]

І. Кеңеспаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» фразеологиялық сөздіктің ішкі жүйесінде өзіндік ерекшелігі болады. Бұл сөздікте құрылымдық жағынан 20 тармаққа бөлген, олардың бірі сырт тұрпаты жағынан әр қилы болуы мысалы: есім, есім, етістік\ абыройы айрандай төгілу; фразеологиялық тұлғалас тіркестердің бір тобы ықшамдалған, ал бір тобы толықтап, анықтап тұратын сөзбен келеді, мысалы: Құшағын ашты; құшағын жайып қарсы алды немесе сөздікте құшағын ашты [жайып қарсы алды] түрінде берген. І. Кеңеспаевтің фразеологиялық сөздігінде көбіне ақын, жазушылардың А. Құнанбаевтің, Ә. Кекілбаевтің, Ә. Тәжібаевтің, Т. Ахтановтың, М. Шахановтың, Ы. Алтынсариннің және т.б. шығармасынан алынған фразеологиялық

тіркестер мысал ретінде алынған. Әртүрлі бағытта табиғатқа байланысты фраза берілсе, ол адам баласының мінез құлқын суреттеген. [1-219-404]

Қазақ тіліндегі әдеби тіл негізінде көптеген етістікті фразеологизмдер ұлы Абайдың шығармаларынан туған, олар халыққа өте түсінікті, мағынасы жағынан жалпы халықтық әдеби тілде қалыптасып кеткен фразеологизмдер тәріздес. Мысалы, бас-басына би болу; бейнет сусынын ішу; дерт алу; артық көру. Сонымен қатар Абайдың шығармаларынан еңбек сауу; қызықты ұрлау; сақалын сату; ат үстінен ұйқы алу; аяқты шалыс басу; басқа шауып, төске өрлеу тәрізді етістікті фразеологизмдерді кездестірдік.

Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің пайда болып қалыптасуына ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар негіз болған.

Қорыта келгенде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің қалыптасуына ағылшын және қазақ ұлттарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлер негізі себеп болған деп тұжырымдайды.

Резюме

Данная статья рассматривает особенности и свойства фразеологических глаголов в английском и казахском языках. Анализ фразеологических единиц производится на примерах произведений казахских и английских поэтов, таких, как А. Кунанбаев и В. Шекспир.

Summary

In the given article is considers the features and properties of phraseological verbs in English and Kazakh languages. The analysis of phraseological units are made on examples of products of the Kazakh and English poets, such, as A.Kunanbaev and W.Shakespeare.

Әдебиеттер

1. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» - І. Кенеспаев. «Ғылым» баспасы, А.: -1977. 219-404 б.б.
2. 3500 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний. П. П. Литвинов. АСТ, Астрель. М.: -2007 г. 201-205 б.б.
3. Ш.Б. Арғынғазина. «Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты»/ А.: 2004. 17-35 б.б.

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ДИДАКТИЧЕСКОЙ ИГРЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

КРУПОДЁРОВА С.В.

Игровая деятельность в обучении таит в себе много аспектов для рассмотрения. Она выступает и способом адаптации при поступлении в школу, и формой активизации учебно-воспитательного процесса, и средством для установления оптимальных взаимоотношений в классе, и методом познания, и средством развития психических познавательных процессов, личностных черт, качеств.

Особую ценность игры усматривается во влиянии на познавательные процессы, так как одной из задач современной школы является формирование здорового человека, человека-интеллектуала.

Среди методических проблем, касающихся организации игры, возникает вопрос о времени и о месте педагогической игры в системе школьной работы. Ляпина Г.А. считает, что в начальный период школьного обучения это эффективнейшее образовательно-воспитательное средство неизбежно сопровождает изучение программного материала.